

**«Болашақ» мектебі мекемесінің 2023-2024 оқу жылының
16 – 23 қазан аралығында өткен «Биология, физика, химия» пәндері бірлестігінің
апталық қорытынды
ЕСЕБІ**

Биология, физика, химия пәндері бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылы жоспарына сәйкес 16 – 23 қазан күндері аралығында іс-шаралар жоспарланды.

Апталықтың мақсаты: Биология физика және химия сабақтары барысында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығын арттырып, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын қабілеттерін дамыту».

«Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық. Көз жетпейтін мұнарасы тым биік» атты апталығы 16 қазан күні «Биология, физика, химия» пәндері апталығы басталып, әрбір іс-шаралар уақытында бекітіліп, апта бойында төмендегі жоспарға сай ашық сабақтар мен интеллектуалды ойындар өтіліп, қазанның 23 күні жабылды.

«БИОЛОГИЯ ФИЗИКА ХИМИЯ» ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ АПТАЛЫҚ ЖОСПАРЫ


Дүйсенбі 16/10	Сейсенбі 17/10	Сәрсенбі 18/10/2023	Бейсенбі 19/10	Жұма 20/10	Дүйсенбі 23/10
Апталықтың ашылуы 8.00 – 8.30 Мектеп басты корпусының 2 –ші этажында		1-ші сабақ, 8 г Түлебаева Майра Қуатовна «Реакции металлов с растворами солей» Лабораторный опыт 3 Взаимодействие металлов с растворами солей			Апталықтың жабылуы 13.00 Акт залында өтетін іс-шара
				2-ші сабақ, 8 в, физика Қамбарбекова Айзада Абдиллаевна Практическая работа №8 «Расчет количества теплоты при агрегатных переходах»	
		4 сабақ, 8 а, физика Түребекова Мөлдір Түрехановна «Қайнау. Меншікті булану жылуы. Қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігі»	4 сабақ, 8 а, биология Урақбай Арайлым Бөкенбайқызы «Дәрумендер және олардың маңызы.»		
	6 сабақ, 8 В биология Тажибаева Майра		6 сабақ ,10 б, биология Тлеуова Қаламқас		

	Тажибаевна «Витамины и их значение» 6 сабақ, 8 а Қарманова Әлия Сұлтанқызы химия «Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары. Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»		Жұмабековна «Особенности строения и функции клеток бактерий грибов растений и животных»		
			13.00 Акт залында Сабақтан тыс іс-шара «21 ғасыр көшбасшысы» 7 қазақ сыныптар арасында жарыс	13.00. Акт залында Сабақтан тыс іс-шара «Кто возьмет миллион» 8 орыс сыныптар арасында жарыс	

Апталық аясында бекітілген жоспар бойынша биология, физика, химия пән мұғалімдері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. Әр сынып өз білімдерін ойдағыдай көрсетті

Дүйсенбі күні сағат 8.00 апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты Қарманова А.С. және Тлеуова Қ.Ж. ИКТ қолданып интеллектуалды ойын өткізді. Ашылу интеллектуалды ойынына оқушылар мен қатар мұғалімдерде қатысты. Дұрыс жауап берген оқушыларға және мұғалімдерге сый ретінде кофе мен шоколад тартылды.





Ұстаздар қауымының басты міндеті – шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта биология, физика, химия пәндері мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізді. Сабақта мұғалімдер өзін құзырлы да, білікті маман ретінде көрсетті.

Апталықтың екінші күні, яғни 17.10.2023 күні, жоспарға сәйкес биология мұғалімі 8 В сыныбында **Тажимаева Майра Тажимаевна** «Витамины и их значение» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдермен көрнекіліктер қолданды. Сабақтың тақырыбын ашуда «Ребус» әдісін және АКТ қолданды. Сыныппен, топпен және жұппен жұмыс түрлерін қолданды. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріп білімін бағалады. «Додакаэдр» әдісімен оқушылардың білімін бекітті.



Осы күні химия пәні мұғалімі **Қарманова Әлия Сұлтанқызы** 8 А сыныбында «Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары. Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. «Флешка» әдісін пайдаланып оқушыларды топтарға біріктірді. «Миға шабуыл» әдісін оқушылардың сабақ тақырыбын анықтауда қолданды. «Тарсия» әдісін реакция өнімдерінен пирамида құратсыруда қолданды. «Баскетбол» ойынын металдардың тұз

ерітінделімен әрекеттесу сұрақтарына жауап беруді қолданды. Оқушылар Learningapps платформасында дайындалған кроссвордтарды шешіп білімін бекітті.



18.10.2023 күні ашық сабақты химиядан 8 Г сыныбында **Түлебаева Майра Куатовна** «Реакции металлов с растворами солей». Лабораторный опыт № 3 Взаимодействие металлов с растворами солей» тақырыбында өтті. Оқушыларды «Стикер» әдісімен топтастырды. Алдыңғы білімнің тексеру барысында сыныппен жұмысты сұрақ - жауап түрінде өткізді. Оқушылар жаңа тақырыпты меңгеру мақсатында тақырыпты оқып, қажетті деректерді түртіп алды. Топтық жұмыс лабораториялық жұмыс орындау және металдардың белсенділігін құру барысында іске асырылды. Жұппен жұмыс генетикалық қатардың химиялық теңдеулер реакциясын жазу барысында іске асырылды.



Осы күні физикадан 8 А сыныбында **Туребекова Мөлдір Турехановна** «Қайнау. Меншікті булану жылуы. Қайнау температуасының сыртқы қысымға тәуелділігі» тақырыбында ашық сабақ өтті

Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы. Сабақта алдыңғы білімін анықтау мақсатында «Кім жылдам» сұрақ- жауап, «Кім жүйрік», «Ақиқат немесе жалған» және «БББ» әдістері қолданылды.

Апталықтың 19.10.2023 күні ашық сабақты **биологиядан 8 А сыныбында Урақбай Арайлым Бөкенбайқызы** «Дәрумендер және олардың маңызы.» тақырыбынды өтті. Сабақ әдістемелік жағынан ұтымды өтілді және түрлі әдістемелік көрнекіліктер пайдаланылды. Сабақта топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Сабақ барысында «Сникерс, баунти, альбени» әдісімен оқушыларды топтастыру, «Доп лақтыру» әдісін алдыңғы білімін анықтауда, топпен зертханалық жұмыс жүргізуді, білімін бекітуде «пікірталас», «суретке қара», «БББ» әдістерін қолданды.



Апталықтың 20.10.2023 күні физика пәнінен 8 В сыныбында **Қамбарбекова Айзада Абдиллаевна** Практическая работа №8 «Расчет количества теплоты при агрегатных переходах» тақырыбында өткізді. Сабақ Жоғары дәрежеде өтті. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Топтық, жұптық жұмыстар жасалынып, сабаққа жаңаша үлгідегі көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. «Стикер» әдісімен сыныпты топтастырды, «Суреттер» және «Ноутбук» әдісімен алдыңғы білімдерін еске түсірді, «Эстафета» және «Тест» әдістерімен білімдерін бекітті.




Мектептегі іс-шараларға байланысты, осы күні сағат 13.00 де Қарманова А.С, Туребекова М.Т. және Урақбай А.Б. сабақтан тыс іс-шара «XXI ғасыр көшбасшысы» тақырыбында 7 сыныптар арасында интеллектуалды ойын өткізді. Интеллектуалды ойын сауықтың мақсаты биология, физика, химия пәндеріне оқушылардың қызығушылығын тудыру. Ойын сауықта ИКТ қолданылды. Ойын сауық үш кезеңде өтілді.





Мектептегі іс-шараларға байланысты Тлеуова Қ.Ж сабағы, орыс сыныптарына сабақтан тыс іс-шара «Миллион кімге бұйырады» және жабылу салтанаты 23.10.2023 өткізілді.

Тлеуова Қаламқас Жұмабековна «Особенности строения и функции клеток бактерий грибов растений и животных» атты биологиядан ашық сабақты 10 Б сыныбында өтті. Сабақ өз дәрежесінде өтті. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолданды. Топтық, жұптық жұмыстар жасалынды. Оқушыларды «Сникерс» әдісімен топтастырды, «С меня вопрос с тебя ответ» әдісімен оқушылар алдыңғы білімін еске түсірді, «Мәтінмен жұмыс», «Сәйкестендіру», «Плюс және минус», «Тест» әдістерін оқушылардың білімін бекітуде, бағалауда қолданды.



Осы күні, яғни дүйсенбі күні, сабақтан тыс іс-шара «Кто возьмет миллион» 8 «Б», 8 «В», 8 «Г» орыс сыныптар арасындағы жарыс және жабылу салтанаты сағат 13.00 де өтті.



Жоспарға сәйкес барлық мұғалімдер жоспарланған іс-шараларын ойдағыдай ұйымдастырып өткізді. Барлық сынып оқушылары атсалысып қатысты. Өткізілген іс-шараларда орынға ие болған оқушылар марапатталды. Әсерлі кеш Арынова Лиза Темирбековнаның қорытынды құттықтау сөзімен аяқталды. Апталық өз деңгейінде өтті.

ӘБ жетекшісі:

Тулебаева М.К.